

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 5 мамырдағы № 61-ө Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 30 қаңтардағы № 11-ө Өкімімен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2012.12.30 № 11-ө Өкімімен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу бекітілсін.

2. Министрлер мен агенттіктердің төрағалары өздері басқаратын мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының нәтижеге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес стратегиялық басымдықтар мен құжаттарды іске асыру жөніндегі қызметі үшін дербес жауаптылықта болады деп белгіленсін.

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 18 наурыздағы № 41-ө өкімі;

2) «Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 18 наурыздағы № 41-ө өкіміне толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 99-ө өкімі.

Премьер-Министр

K. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Премьер-Министрінің

2010

жылғы

5

мамырдағы

№

61 - е

өкімімен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Қ. Мәсімов

Үкіметтің қызметіне басшылық жасау.

Экономикалық, қаржы, фискалдық және кеден саясатының, мемлекеттік бюджеттің стратегиялық мәселелері.

Мемлекетаралық қатынастар мен халықаралық ынтымақтастық мәселелері.

Алматы қаласының өнірлік қаржы орталығы қызметінің, қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері.

Ақпараттандыру және байланыс мәселелері.

Қорғаныс және құқық тәртібі мәселелері.

Мұнай-газ секторын дамыту мәселелері.

Заң шығару қызметін үйлестіру.

Үкіметтің кадр мәселелері.

Республикалық бюджет комиссиясының, Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің, Экономиканы жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның және Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі басшылық ететін басқа да консультативтік-кеңесші органдардың жұмысына басшылық ету.

Мемлекеттік тілді дамыту мәселелері.

Қорғаныс өнеркәсібі кешенін дамыту мәселелері.

Қазақстан Республикасының Президентімен, сондай-ақ Парламентпен, Конституциялық Кеңеспен, Жоғарғы Сотпен, Бас прокуратуралық органдармен және басқа да конституциялық органдармен қатынастарда Үкіметтің атынан өкілдік ету.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Ә.Е. Шөкеев

Экономиканы жедел басқару, өнірлік және инвестициялық саясат мәселелері.

Ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіптік кешен, ауылдық аумақтарды дамыту, жер және су қатынастары, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану, құрылыш, ғарыш қызметі мәселелері.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту және жаңғырту мәселелері.

Өндірістік инфрақұрылымды дамыту және Көлік стратегиясын іске асыру мәселелері.

Төтенше жағдайлар және жұмылдыру жұмысы мәселелері.

Сауда және тарифтік саясат, бәсекелестік, Қазақстанның Дүниежүзілік сауда үйимына кіруі, ТМД елдерімен және олардың ықпалдастық бірлестіктерімен өзара қарым-қатынастар мәселелері.

Еуразия экономикалық қоғамдастығы (ЕурАЗЭК) шеңберіндегі ынтымактасық мәселелері.

Кеден одағы (Қазақстан Республикасы - Ресей Федерациясы - Беларусь Республикасы) шеңберіндегі ынтымақтастық мәселелері.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі болмаған кезде оны алмастырады.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрің орынбасары Е.Т. Орынбаев

Мемлекеттік органдардың әкімшілік реформаны іске асыруын, сондай-ақ кәсіпкерлер үшін әкімшілік кедергілерді азайтуды қамтамасыз ету.

Макроэкономикалық саясат, статистиканы дамыту мәселелері.

Жұмыспен қамту, демографиялық және көші-қон саясаты мәселелері.

Білім беруді, ғылымды, ақпаратты, мәдениетті, оның ішінде «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Интеллектуалды мектептері» жобаларын іске асыру, денсаулық сактауды, туризм мен спортты, әлеуметтік саясат пен әлеуметтік әріптестікті дамыту мәселелері.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, бизнес-қоғамдастықтың мемлекеттік органдармен өзара байланысын үйлестіру мәселелері.

Дүниежүзілік Банктің, Еуропа комиссиясы мен Американдық-қазақстандық мемлекеттік-жеке меншік экономикалық әріптестік бастамасы жобаларын үйлестіру және іске асыру мәселелері.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту мәселелері.

«Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасын дайындау мен іске асыруды үйлестіру.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрің орынбасары - Индустрія және жаңа технологиялар министрі Ә.Ә. Исекешев

Ескерту. Бөлімге өзгерту енгізілді - КР Премьер-Министрінің 2011.07.26 № 94-ө Өкімімен.

Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мәселелері.

Ұйымдар мен мемлекеттік органдардың тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуы кезінде қазақстандық қамту үлесін арттыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері.

Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының (ӘҮДҰ) жобаларын, оның ішінде «Қазақстандық ресурстарды тікелей шетелдік инвестициялар және секторалдық инвестицияларды дамыту жөніндегі бағдарламаларды жетілдіру үшін әртараптандыру» жобасын үйлестіру және іске асыру мәселелері.

Өнеркәсіпті, инновацияларды дамыту, техникалық реттеу, шетелдік инвестицияларды тарту, электр энергетикасы мәселелері.

Алтын өндіру саласын дамыту (барлау, өндіру, қайта өндеу, өткізу және әкелу-әкету) мәселелері.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы F.P. Әбдірахымов

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ведомстволардың Үкіметтің шешімдерін дайындау және олардың орындауын ұйымдастыру бөлігіндегі, мемлекеттік және орындаушылық тәртіпті сақтау, мемлекеттік құпияларды қорғау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі

қызметтің үйлестіруден

Үкіметтің кадр саясатын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.

Премьер-Министр Кеңесінің Президент Әкімшілігімен, Парламент палаталары аппараттарымен және облыс әкімдіктерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

«Самурық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің қызметтің қамтамасыз ету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК